

"Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 979 Жарлығы

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығына с ә й к е с

Қ А У Л Ы

Е Т Е М І Н :

"1. Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінде:

10-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық атқарушы органдарды және жергілікті атқарушы органдарды "Қадағаланатын саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру" бағыты бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бағалайды."

22 - 1 - тармақ алып тасталсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қадағаланатын аяда/салада/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу мен бекіту және оны әдіснамалық сүйемелдеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады." ;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Бағалау жүргізу кестесіне сәйкес бағалауға уәкілетті мемлекеттік органдар тиісті бағыттар бойынша қорытындыларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және бағаланатын мемлекеттік органдарға ұсынады." ;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Бағалау жүргізу кестесіне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті

орган бағыттар бойынша тиімділікті жалпы бағалау нәтижелерін бағаланатын мемлекеттік органдарға бір мезгілде хабарлай отырып, Сараптамалық комиссияға е н г і з е д і . " .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК